

✓ Назар аударуды түзету үшін оқушыларға физикалық шамаларды анықтаумен карточкаларды ұсыну керек, онда негізгі сөздердің бірі қалып қойған. Тапсырма: ұсынылған сөздердің бірін қою керек.

✓ Мұндай балалар міндетті түрде топтық жұмысқа тартылады. Топта олар анық жеңетін көп тапсырма алуы керек. Сонымен қатар, топтық жұмыс бала үшін сынып оқушыларымен жақсы қарым-қатынаста болуға көмектеседі. Неғұлым көп қарым-қатынаста болса, соғұрлым өзіне деген сенімі көбейеді, жауап беруге қысылмайды, әрдайым қолдау алып отырады.

Сабақты ұйымдастыру кезінде оқушының жеке жұмыс қарқыны, оның танымдық іс-әрекетінің ерекшеліктері, есте сақтау, моторикасы және т. б. ескерілуі қажет.

Ең қиын жұмысты алғашқы 10-25 минутқа жоспарлау қажет. Бұл оқушылардың ең жоғары жұмысқа қабілеттілігіне қол жеткізу уақыты. Осы уақыттан кейін жұмысқа қабілеттіліктің төмендеуі басталады, бұл олардың оқу қызметіне кері әсерін тигізеді.

Сонымен, мен, осы мақалада инклюзивті білім берудің Қазақстан Республикасындағы деңгейі мен дамуы жөнінде жазып кеттім. Шынымен ортаазиялық елдердің арасында Қазақстан Республикасындағы Инклюзивті білім беруге жақсы назар аударып, нәтижелі даму үстінде екендігіне қуануымызға болады. Себебі, инклюзивті білім беру жағдайындағы ерекше қажеттілігі бар оқушылармен жұмыс жасау үлкен жауапкершілікті қажет ететінін байқаймыз. Және осы айтылған деректер ерекше қажеттілігі бар балалармен жасалатын жұмыстың тек кішкене бөлігі ғана. Бұл санаттағы мәселелерді шешу үлкен еңбек пен уақытты талап ететін жұмыстардың бірі екені сөзсіз. Осы тақырыпқа, мен, ағымдағы уақытта жазылып жатқан дипломдық жұмысымда толық тоқтап кететін боламын және болашақ маман ретінде, келешекте, ерекше қажеттілігі бар оқушылармен жұмыс жасауда, өз жұмысымды әдістеме ретінде қолдануға болатынына сенемін.

Әдебиеттер тізімі:

«Білім туралы» ҚР Заңының, 3-бабының, 1, 2-тармақтары.

«Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» ҚР Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарғысы.

Ахмедалиева, Д. У. ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмысты ұйымдастыру // Әлеуметтік педагог. - 2010.-№1

ФИЗИКА САБАҒЫНДА ДЕҢГЕЙЛІК ТАПСЫРМАЛАР ҚҰРАСТЫРУ

Дюсенбина Тамаша Тыныбекқызы

Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті.
Қостанай қаласы.

Ғылыми жетекші: Косжанова А.Г. Аға оқытушы

Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті.
Қостанай қаласы.

Аннотация

Бұл мақалада физика пәнін оқыту барысында деңгейлік тапсырмаларды қолданудың маңыздылығы өте жоғары екендігі жайлы жазылған. Деңгейлік тапсырмаларды қолдану оқушылардың білім деңгейін анықтауға, сабақ сапасын көтеруге, оқушының сабаққа деген ынтасын, қызығушылығын арттырып, ізденушілік, танымдық қасиетін арттырады. Оқушыларға деңгейлік тапсырма берудің мақсаты – оқушылардың жеңілдетілген тапсырмалардан күрделі тапсырмаға сонымен қатар, қарапайым тапсырмадан күрделендірілген тапсырмаларға қарай сатылы түрде орындаалып отыратын жұмыстар ұсына отырып, оқушыларды шығармашылыққа баулып, ізденушілік қабілеттерін арттыру болып табылады.

Аннотация

В процессе преподавания физики очень важно использовать уровневые задания. Использование уровневых заданий позволяет выявить уровень знаний учащихся, повысить качество урока, повысить интерес учащихся к урокам, повысить познавательные способности. Целью уровневого задания учащимся является повышение способностей учащихся к творчеству, предлагая работы, которые будут выполняться поэтапно в соответствии с простыми заданиями из облегченных заданий.

Annotation

In the process of teaching physics, it is very important to use level tasks. The use of level tasks allows you to identify the level of students' knowledge, improve the quality of the lesson, increase students' interest in the lessons, and increase cognitive abilities. The goal of a level task for students is to increase students' creativity, offering work that will be carried out in stages in accordance with simple tasks from light tasks.

Түйінді сөздер

Қажеттілік – жеке адамның, әлеуметтік топтың, қоғамың тіршілік әрекетін қамтамасыз ету үшін объективті түрде керек нәрсеге мұқтаждық

Уәж– нақты мақсаты бар іс-әрекетке итермелеу үдерісі.

Эвристикалық ойлау – түйінді шешу процесін жеделдетуге мүмкіндік береді.

Имитация (еліктеу, көшірме) – көп дауысты шығармаларда негізгі тақырыптың әуелі бір дауыста, одан кейін басқа дауыста кезекпен кезек қайталанып отыруы.

Кері байланыс -оқушыларға өз білімін қадағалау мен бағалауға көмектесетін әдіс. Мұғалім мен оқушылардың жетістікке жетуі.

Ключевые слова

Необходимость – потребность в предмете, объективно необходимом для обеспечения жизнедеятельности личности, социальной группы, общества

Мотивация – процесс мотивирующего действия с определенной целью.

Эвристическое мышление – позволяет ускорить процесс разрешения узла.

Имитация -(имитация, копирование) - в полифонических произведениях основная тема повторяется сначала в один голос, а затем в другой.

Рефлексия - это способ помочь студентам контролировать и оценивать свои знания. Успех учителей и учеников.

Key words

Necessity –the need for an object that is objectively necessary to ensure the life of an individual, social group, or society

Motivation - is the process of motivating action with a specific goal.

Heuristic thinking - allows you to speed up the process of resolving the node.

Imitation - (imitation, copying) - in polyphonic works the main theme is repeated first in one voice and then in another.

Reflection - is a way to help students control and evaluate their knowledge. The success of teachers and students.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесі прогрессивті дамытуға реформаланған, әлем бойынша білім кеңістігі не ерудің алғашқы қадамдарын басып келеді. Әлем бойынша техника мен ғылымның күн санап қарқынды дамуына байланысты педагогика ғылымының теориясы мен оқыту үрдісі де түбегейлі өзгерістерге ұшырау үстінде, соған байланысты оқытудың парадигмасы өзгеріске ұшырады. Білім беру мазмұны жаңашаланып, жаңаша көзқарас пайда болады. Сол себептен оқытудың деңгейлеп оқыту технологиясын мұғалімдер өз тәжірибелеріне қолданып жүр.

«Келер ұрпақ алдында зор жауапкершілік жүгін арқалап келеміз» деген Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың сөзі барлық ұстаздар қауымына үлкен жауапкершілік артып отыр. Қазақстан Республикасының көркейіп, гүлденіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы, бүгінгі ұрпақ бейнесімен көрінеді. Дүниежүзі бойынша озық тәжірибелерге сүйеніп, жаңа типті оқыту, яғни әр баланың табиғи қабілетін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасай отырып. Қазіргі таңда елімізде білім берудегі басты мақсат – жас ұрпақтың білім деңгейін көтеру мен жан – жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Және де, олардың өз бетінше жұмыс жасауларына жағдай жасау және шығармашылық қабілетін дамытуда жаңа педагогикалық технологиялардың емес сол жаңа технологиялардың элементтерін ұтымды пайдалану басты мәселеге айналып отыр. Еліміздің «Қазақстан – 2030» атты стратегиялық бағдарламасында – жоғары интеллектуальды жастарды

жан – жақтылыққа тәрбиелеу, сонымен қатар жастардық потенциалдық деңгейінің көтерілуіне үлес қосу. Сол себепті, мұғалімдер қауымына өте үлкен міндет жүктелді. Қазіргі таңда жас ұрпаққа пәнді тиімді ұғындырудың бірі – жаңа технология негіздері болып табылады. Деңгейлеп оқыту технологиясының негізгі мақсаттарының бірі: әрбір оқушы өзінің даму деңгейінде оқу материалдарын меңгергенін қамтамасыз етеуінде.

Деңгейлеп оқытудың технологиясында негізгілердің бірі болып дамыта оқыту жүзеге асырылады. Оқушының белсенді шығармашылық қызметін жетілдіруге көзделген жаңа технологияға сәйкес оқушылар ең төменгі деңгейдегі деңгейлік тапсырмаларды орындауда бастайды да, тапсырманы орындап бітуіне байланысты келесі деңгейдегі тапсырмаларға ауысып отырады. Мұндай жағдайда оқушылардың арасында бір-бірімен өзара жарысумен қатар, әрбір оқушының өзінің деңгейіне сай білім алуы басты назарда бақыланады және өзіне деген сенімділігі артып, шығармашылық қабілеттерін шыңдайды. Оқушыларға берілетін тапсырмалар уйренушілік, алгоритмдік, эвристикалық, шығармашылық деңгейде беріледі. Деңгейлік тапсырмалар беру арқылы оқушылардың ойлау қабілетін уйренушілік деңгейінен шығармашылық деңгейіне бағыттай аламыз. Деңгейлік тапсырмалар құрастыруда физика пәнінен төмендегідей талаптар қойылады:

I. Бірінші деңгейдегі тапсырмалар:

Оқушылардың жаттап алуына лайықты тапсырмалар болуы қажет.

Оқушылардың өткен сабақта жаңадан меңгерген білімдерінің сипатын өзгертпей қайталауына, және пысықтауына мүмкіндік беруі тиіс.

Жаңа тақырыпқа арналған тапсырмалар өмірмен байланысты болуы керек.

Физика пәнінде мұндай талаптарды жаңа тақырыпты игеру соңында шығарған есептерге ұқсас тапсырмалар құру арқылы орындалады. Сонымен қатар олар оқушылардың өздері шығарған ережелерді, анықтамаларды, заңдарды бекітуге

арналған. Физика пәнінде мұндай тапсырмаларды құрастырар кезде олардың танымдылығына және қызықтылығына назар аударған жөн.

II. Екінші деңгейдегі тапсырмаларға:

Өткен материалды реттеуге және жүйелеуге берілетін

Тапсырмалар жатады. Бұндай тапсырмалар өзгертілген жағдайдағы тапсырмалар, яғни бұрынғы

тапсырмаларға ұқсайды, бірақ бұл тапсырмаларды орындау үшін алғашқы алған білімдерін

түрлендіріп пайдалану қажет болады.

Яғни оқушылардың ойлау қаблеттерін жетілдіруге берілетін тапсырмалар.

Бұндай тапсырмаларда біздің ұлттық ерекшеліктерімізді ескеріп, танымдық және үйретімділіктің болғандығы маңызды. Олар: ребустар, логикалық есептер және сөзжұмбақтар.

III. Үшінші деңгейдегі тапсырмалар: яғни эвристикалық деңгейдегі тапсырмаларды былайша топтастыруға болады.

Бірінші, танымдық - іздену (эвристикалық) түріндегі тапсырмаларды орындау барысында оқушылар жаңа тақырып бойынша меңгерген алғашқы білімдерін (анықтамалар, заңдылықтар шығару, формулаларды жаттау және т.б.)

Екінші, әртүрлі әдіс – тәсілдермен шешуге арналған есептер.

Өз бетімен мысалдар құрастыру және оны өз бетімен шығару, күнделікті өмірден алынған мәліметтер негізінде графиктер салу, диаграмма, жергілікті жағдайда өлшеу жұмыстарын жүргізуге, көрнекі құралдар дайындауға арналған тапсырмалар. Ой қорытып дағдыны қалыптастыруға арналған тапсырмаларды жатқызамыз.

IV. Төртінші деңгейдегі тапсырмалар (шығармашылық тапсырмалар)

Оқушылардың өмірден жинаған тәжірибесі мен қалыптастырған ұғымдары, түсініктері. Олимпиадалық есептер.

Берілген тақырыпқа оқушының өз бетінше рефераттар, баяндамалар дайындауы. Яғни, мұндай тапсырмалар – оқушылардың біліктілігі мен дағдысын қалыптастыру және оны бағалау деңгейі бола алады. Сонымен қорытып айтатын болсақ, бұлар: бірінші деңгей тапсырмалары үшін игерілгенді білімді пысықтауға және қайталауға, ережелер мен анықтамаларды, формулаларды жаттауға арналған тапсырмалар тізбегі.

Сонымен деңгейлік тапсырмалар оқушының ойлау қабілетін үйренушілік деңгейінен шығармашылық деңгейіне бағыттай отырып құралған тапсырмалар болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қараев Ж.А. «Саралап, деңгейлеп оқыту технологиясы»

2. Жумабекова А.А «Деңгейлік тапсырмалар арқылы дамыта оқыту»

3. Тұрғанбаева Б. «Жеткіншектердің шығармашылық қабілетін дамыту»

Қазақстан мектебі №8, 2012ж

КРИТЕРИАЛЬНОЕ ОЦЕНИВАНИЕ НА УРОКАХ ФИЗИКИ.

Ермагамбетова Диана Мырзашевна: студент.

Демина Н.Ф.: к.п.н., ассоциированный профессор.

Аннотация: статья посвящена методике внедрения в процесс обучения